

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ**

Шардара қ.

«13» тамыз 2025 ж.

Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК басшысы М.Сейтхановтың «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 25.06.2025 жылғы №205 н/к бұйрығы;

Шардара аудандық орталық ауруханасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

1. Молдаханов Нургали Сламидинович – басшысының емдеу ісі жөніндегі орынбасары;

2. Кабылова Жулдызай Кадирбековна - Кадр бөлімінің басшысы;

3. Дуйсенова Роза Досыбаевна – Жоспарлау-үнемдеу бөлімінің басшысы;

4. Тажбикеева Анар Садуахасовна – Кәсіподақ ұйымының төрайымы /аймақтық көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі/;

5. Сулейменов Мурат Базарбекович – Комплаенс офицері /заңгер кеңесшісі/;

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

29.06.2024 – 31.07.2025 ж.

Ішкі талдау қамтыған кезең:

2024 жылдың 2-ші жарты жылдығы мен 2025 жылдың 7 ай аралығы.

Ішкі талдау барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жасау кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жоқ.

Ішкі талдау келесідей бағыттарда жүргізілді:

- 1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Персоналды басқару, тәртіптік жауапкершілікке тарту;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 4) Мемлекеттік сатып алулар Бюджет қаражатын игеру және бөлу;

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

1. Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілерді және басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

- **Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде** сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады. Ол құжаттар қатарына аурухана Жарғысы, Кәсіпорын жұмысын жүргізу үшін қабылданған ішкі нормативтік құжаттар. /Оның ішінде қызметкерлерге еңбекақы төлеу ережесі, ақылы қызмет көрсету ережесі, ішкі еңбек тәртібі туралы ережесі және т.б./.

Тексеру барысында бекітілген құжаттардан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

2. Персоналды басқару, тәртіптік жауапкершілікке тарту, қызметкерлерге қосымша жұмыс үшін тағайындалатын.

Жұмысқа қабылдау аурухана басшысының бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелер саны бес адамды құрайды. Жұмысқа орналасуға үміткерлер өз біліктілігін jumys.snation.kz порталы арқылы тесті тапсырып, одан өткен үміткер аурухананың жұмысқа қабылдау комиссиясының алдында билеттер алып, сұрақтарға жауап беру арқылы тиісті баға беріле отырып, хаттамамен бекітіледі. Хаттамаға қортындысына сәйкес оң қорытынды алған үміткерлер жұмысқа қабылданады.

Кәсіпорынға жұмысқа кіру бағытында сыбайлас жемқорлық көріністері анықталмады.

Тәртіптік шара көру - ҚР Еңбек Кодексінің 65-бабының талаптарына сәйкес рәсімделуі тиіс. Кодекстің 65-бабының 2-тармағының талабына сәйкес, жұмыс беруші тәртіптік шараны қолданғанға дейін жазбаша нысанда (қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында) не жұмыскердің авторизациялануы, сәйкестендірілуі қамтамасыз етіле отырып, электрондық түрде түсініктеме талап етуге міндетті

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі: аурухананың жауапты қызметкерлері тарапынан тәртіп шара көру іс-құжаттарын жинақтау барысында қызметкерден жазбаша түрде түсініктеме талап жазбауы, қызметкерлер арасында өзара келісім жасасу сияқты сыбайлас жемқорлық тәуекелін туындатуы, маманға пара ұсыну фактілері болуы мүмкін.

Шешу жолдары, ұсыныс: Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарымен дер кезінде таныстыру, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері туралы сұрақтары бойынша құқықтық сауаттылығын көтеру. Қызметкерлердің атқаратын қызметтік міндеттемелерімен байланысты болатын пара алу жөніндегі әретке негативті көзқарасын қалыптасыру.

Қосымша жұмыс беру туралы бұйрық – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 111-бабының 1,3-тармақтарының талаптарына сәйкес,

лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағының кеңейгені немесе уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін берілетін қосымша ақының мөлшерлерін жұмыс беруші орындалатын жұмыс көлемін негізге ала отырып, жұмыскермен келісім бойынша белгіленіп рәсімделеді.

Кәсіпорынның кейбір бұйрықтарында міндеттерді қоса атқарғаны үшін тағайындалған қосымша ақылар тиісті заңнама талаптары бұзыла отырып тағайындалғаны анықталған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

Кәсіпорынның жауапты қызметкерлері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, қосымша ақыны негізсіз тағайындау фактілері болуы мүмкін. Бұл әрекеттер өз кезегінде бөлімше қызметкерлерімен сөз байласу арқылы, пара беру фактілері орын алуы мүмкін.

Шешу мәселесі: қызметкерлерге өзінің негізі жұмысымен қатар қосымша бос тұрған лауазымды қоса атқарғаны үшін берілетін қосымша ақыдан бөлек, қосымша жұмыс жүктеп, жасалатын жұмыстың көлемін ескере отырып, тағайындалатын қосымша ақылардың заңдылығын анықтау үшін, Шардара аудандық орталық ауруханасының тарификация комиссиясына қарауға беріліп, жасалатын жұмыс көлемін нақтылау жұмыстарын жүргізу қажет етіледі.

Ұсыныс: Заңнама талаптарын сақтау бағытындағы жұмыстарды жандыруы қажет.

3. Аурухана қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысын реттеу:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 14-бабының талаптарына сәйкес, аурухана басшымен тікелей бағыныстылықта жұмыс жасайтын туыстық қатынастағы қызметкерлерге тексеру жүргізіліп, заң талаптарын бұзу фактілері анықталмады. Қызметкерлер арасындағы туыстық қатынасы бар азаматтардың тізімдері қалыптастырылып, уәкілетті органға жолданған.

Кәсіпорында мүдделер қақтығысы орын алмаған.

4. Бюджет қаражатын игеру және бөлу - Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу, заңнама талаптарына сай жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады.

Осығай орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылады. Өткізілген мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурстық құжаттамалар, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтініш ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының бірінғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізіледі.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша:

1. Өнім беруші «Satti Group» ЖШС-мен 04.02.2025 жылғы №31 «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарты «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдана отырып, балаларға арналған қоспаларды сатып алған.
2. Өнім беруші «ЦентрАзияНутришинал» ЖШС-мен 19.02.2025 жығы №45 «Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарты «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілін қолдана отырып, Mehl farine, құймақ, тұшпара, глютенсіз және лактозасыз кеспе үшін әмбебап ұн қоспасы, 1000 г, Schar құрамы: жүгері крахмалы, күріш ұны, жүгері ұны, қоюландырғыш: гуар сағызы, декстроза. құрамында соя іздері болуы мүмкін. қоспа, нан пісіруге арналған әмбебап қоспасы глютенсіз. 1000г Dr. Schar Mix B - Bread-Mix қоспасын сатып алған.
3. Өнім беруші "СибКазЭнергоПром" ЖШС-мен 31.12.2024 жылғы №3 Тауарларды мемлекеттік сатып алу шартына 2024-02-29 № 44 қосымша келісім шарты ашық конкурс тәсілін қолдана отырып, Құрғақ кептірілген жемістер қоспасына мемлекеттік сатып алулар жүргізген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

Аталған келісім шарттарды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын бұза отырып, КТРУ кодтары бірдей 4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын біртекті тауарларды бөлшектеу арқылы, бір көзден «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдана отырып жүзеге асырған.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу заңнама талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алынатын біртекті тауарларды біріктіре отырып, олардың мөлшері 4000 айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда, бәсекелестік ортада конкурстық тәсілмен өткізуге міндеттеледі.

Жұмыс тобының мүшелері:

Н.Молдаханов

Ж.Кабылова

Р.Дуйсенова

А.Тажибекеева

М.Сулейменов